

"Қызылорда қаласының аумағында заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жер салығының базалық мөлшерлемесін бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2011 жылғы 14 маусымдағы № 43/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 36/3 шешімі.
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 желтоқсанда № 4824 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды Қызылорда қалалық мәслихатының 16.04.2015 № 42/6 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Қызылорда қаласының аумағында заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын жер салығының базалық мөлшерлемесін бекіту туралы" Қызылорда қаласы мәслихатының 2011 жылғы 14 маусымдағы № 43/5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10-1-182 нөмірімен тіркелген, "Ақмешіт ақшамы" 2011 жылғы 5 тамызындағы, "Ел тілегі" 2011 жылғы 5 тамызындағы газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:
кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жыл 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :** " ;

аталған шешімнің 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

ӨТКЕН

СОҢ

ҚОЛДАНЫСҚА

ЕНГІЗІЛЕДІ.

Қызылорда қалалық

мәслихатының кезектен тыс

XXXVI сессиясының төрағасы

Ш. ӘБДІРАХМАНОВ

Қызылорда қалалық

мәслихатының хатшысы

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Мемлекеттік

кірістер

комитеті Қызылорда облысы бойынша

Мемлекеттік кірістер

департаментінің

Қызылорда қаласы бойынша

Мемлекеттік кірістер басқармасы"

Республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

Қ. Искаков

"27" қараша 2014 жыл